

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Бұйрық

Мәртөк с.

№ 49

27. 08. 2022 ж.

2022-2023 оқу жылының  
басталуы, ұзақтығы және каникул  
кезеңдері туралы

Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2021 жылдың 27 тамызындағы «Аудандағы орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуы туралы» №533.т.1 бұйрығына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2022-2023 оқу жылы 1 қыркүйек күні басталынсын.

2. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 36 оқу аптасы болып белгіленсін.

3. Оқу жылы ішіндегі 1-11 сыныптардағы каникул кезеңдері:

күзгі каникул - 7 күн (2022 жылғы 31 қазан-6 қараша аралығында); қысқы каникул - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында); көктемгі каникул - 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында); 1 сыныптағы қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында) бекітілсін.

4. Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасарларына:

- мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» басшылыққа алынсын;

- оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы негізге алынсын;

- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруда «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқаулық хат басшылыққа алынсын.

Мектеп директоры



Жамаладинов М. Ш.

Бұйрықпен таныстым:

*Handwritten signatures in blue ink.*

Жаксыгарина А. Ж.

Есентаева Г. К.

Жакупова Ж. М.